

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды мадақтаудың түрлері мен мөлшерлерін айқындау және оларды мадақтаудың тәртібін бекіту туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 733 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 15 қаңтарда № 3528 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, «Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 3 бабының 2 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Сайрам ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды мадақтаудың түрлері мен мөлшерлері осы қаулыға қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды мадақтаудың қоса берілген тәртібі бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Сайрам ауданы әкімінің орынбасары Т. Керімбеков жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

В.Кайназаров

« К Е Л І С І Л Д І »

«Оңтүстік Қазақстан облысының
ішкі істер департаменті Сайрам
ауданының ішкі істер басқармасы»

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Д.Мейірхан

«10» желтоқсан 2015 жыл

С ай р а м а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 1 0 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
№ 733 қаулысына қосымша

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды мадақтаудың түрлері мен мөлшерлері

1. Сайрам ауданы әкімінің Құрмет грамотасы.
2. 10 есептік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшердегі ақшалай сыйақы.
3. Бағасы 10 есептік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын құнды сыйлық.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды мадақтау Тәртібі

Осы Тәртіп қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу т ә р т і б і н а й қ ы н д а й д ы .

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі аудандық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қарайды.

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелеу туралы ұсынымды Комиссияның қарауына «Оңтүстік Қазақстан облысының ішкі істер департаменті Сайрам ауданының ішкі істер басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Сайрам ауданының ІІБ) енгізеді.

3. Көтермелеу үшін Комиссия қабылдайтын шешім негіз болып табылады.

4. Көтермелеу түрін, соның ішінде ақшалай сыйақы мөлшерін, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отырып, Комиссия белгілейді .

5. Ақшалай сыйақыны төлеу және құнды сыйлықты алу үшін Комиссия қабылдайтын шешімге сәйкес, қосымша Сайрам ауданының ІІБ бастығының бұйрығы ш ы ғ а р ы л а д ы .

6. Сайрам ауданының ІІБ ақшалай сыйақыны төлеуді және бағалы сыйлықты алуды облыстық бюджет қаражаты есебінен жүргізеді.

7. Көтермелеулерді төлеуге қаражат облыстық бюджетте, 252 003 «Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу» бюджеттік бағдарламасымен к о з д е л е д і .

8. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарға аудан әкімінің Құрмет грамотасын, ақшалай сыйақы, бағалы сыйлықтар беруді Сайрам ауданының ІІБ салтанатты жағдайда жүзеге асырады.